

Ұлыстың ұлы күні –
Наурыз құтты болсын!

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№10 (828), 18 наурыз, 2019



АЛАШ
КӨСЕМІНІҢ
АТЫН
АЛҒАН...

Әлихан Бәймен
туралы сыр

8-9
бет

ҚАРИЯЛАРДЫ ҚАҢҒЫРТЫП ЖІБЕРЕМІЗ БЕ?



Құдай-ау, бізде кімдер министр, әкім, депутат болмады? Екі елі аузына төрт елі қақпақ қоя алмай, аңдамай сөйлеп жұрттың жүрегін ауыртқандар, түкке тұрғысыз «реформаларын» тықпалағандар, шала қазақшасымен халықты күлкіге қарық қылғандарды да көрдік. «Мұндай маман қалай ғана жауапты саланы басқарады, бұқараға қандай бағыт-бағдар береді?» – деген халық біздегі осы тектес кадрлық тағайындауларға да көндігіп алған секілді. Қазір оған ешкім таңғалмайтын болды. Солардың бірі, қазақшасы «қақалып» жатқан – Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсованың соңғы мәлімдемесі тағы да жұртты елең еткізді...

3
бет

ХАЛЫҚ ӘКІМДЕРҮШІН БІР ҚОРА ҚОЙ СЕКІЛДІ

ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНА РАДЧЕНКОНЫ 9 АЙ ӘКІМ
ҚЫЛҒАН МЫРЗАЛИННИҢ НЕ ОЙЛАҒАНЫ БАР?

Ақмола облысында Ерейментау деген аудан бар. Тарихтан хабардар адамдар білуге тиісті, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Үмбетей жырау секілді тарихи тұлғалардың елі болып саналады бұл аймақ.

3
бет



ӘЗІЗ АҒАНЫҢ
АСЫЛ
ҚЫРЛАРЫ

7
бет

КАМЕНЬ ПРЕТКНОВЕНИЯ: ТРЕХЪЯЗЫЧИЕ ИЛИ ТРЕХЪЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ?

Реализация программы «Триединство языков» пришла к своему логическому концу – переосмыслению и, может быть, пересмотру. Со времени своего появления в 2007 году программа вызвала и до сих пор вызывает в обществе неоднозначную реакцию...



10
бет

ЖАҢА МИНИСТР МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫНАН ЕСКЕРТУ ЕСТІДІ

Мәжіліс төрағасы Ұлттық экономика министрі болып тағайындалғалы бері төменгі палатаның табалдырығын алғаш рет аттаған Руслан Дәленовке бірден сын айтты. Нұрлан Нығматулин жаңа министрге аймақтардағы азық-түлік бағасын реттеуге кеңес берді. «Базарларды аралап болсаңыз, өңірлерге барыңыз!» – деді не істеу керектігін нақты көрсетіп.



– Түсірген суреттеріңізге қарап, базарға баратыныңызды байқадық. Бұл жақсы, әрине. Бірақ облыстарға да ат басын бұрсаңыз, ол жақта да мәселе жетерлік, – деді спикер. Былтыр Павлодар мен бірнеше облыста картоп пен қиярдың саудасы жүрмей, дикандардың еңбегі еш

кеткен. Оған елге Еуразиялық экономикалық одағына мүше елдерден төмен бағамен тасымалданған өнімдердің көптігі әсер етіпті. Өйткені, осы тауарлар екі жақты келісім негізінде төмендетілген баж салығы арқылы нарыққа кірген. Сөйтіп, отандық өндірушілер

опық жеді. Сондықтан, Мәжіліс спикері сырттан келгендердің саудасын қыздырғанша, алдымен өз өндірушілеріміздің тауарын өткізу министрліктің тікелей міндеті екенін ескертті. Ал жұмысын әдеттегідей жарнамалауға кіріскен Руслан Дәленов бұл мәселеге келгенде кібірткітеп қалды. Өйткені ішкі нарық импортқа әлі тәуелді болып отыр. «Мәселен, біз тәуелді импорттық тауарлардың ішінде цитрус алма секілді бірнеше өнім түрі бар делік. Оларға қыс мезгілінде сұраныс жоғары. Бұған дейін сырттан келетін жеміс-жидектерге баж салығы есебінен 10-15 пайыз жеңілдік жасалып келді. Енді оларға тек 5-11 пайыз шамасында ғана жеңілдік қарастырамыз. Сол кезде баға шамалас болады», – деп ақталды министр.

НАУРЫЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ҚОЙЫЛЫМ

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде Ұлыстың Ұлы күніне арналған «Аңыз әлемінде» атты арнайы театрландырылған қойылымдары басталды.

Қойылым Наурыздың шығу тарихы туралы ежелгі аңыздың желісімен ұйымдастырылған. Наурыз мейрамына баталар, тілектер айтылып, балаларға ұлттық ойындар ойнатылып, шашу, қыздар мен жігіттердің бір-біріне селт еткізер мен ұйқышар сыйлау, көрісу дәстүрлері көрсетіледі. Қойылымның мақсаты – Наурыз мерекесіне құрметпен қарауға, әлемде және Қазақстан жерінде достықты нығайтуға, ұлтаралық мәдени қарым қатынасты, бүлдіршіндерді қазақ халқының



мәдени мұрасына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Алғашқы күні Астана қаласының арнайы қажеттіліктері бар балала-

ры шақырылды. Қойылымның соңында балаларға құрт, жент, тәттілер таратылды.

ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕ ШЫҚТЫ

Жыл басынан бері Ұлттық бюро колл-орталығына мемлекеттік қызметкерлердің жемқорлығына шағымданып, 5 мыңнан астам қоңырау соғылған. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мәлімдеді.

Айта кету керек, қарапайым қоғам мүшелерінің қылмысқа қарсы белсенділігі артып келеді. Құнды дерекпен бөліскендер соттан кейін 75 мыңнан 250 мың теңгеге дейін сыйақы алады. Жақында осы жедел байланыс арқасында жемқорлыққа қатысты бірнеше мемлекеттік қызметкерлер құрықталды.

– 27 ақпан күні Түркістан облысы Ордабасы ауданы Төрткүл ауылдық округінің әкімшілік қызметкері жеке тұлғадан жәрдемақысын рәсімдеу үшін 20 мың теңге пара алған. 2 наурызда Ішкі істер департаментімен бірлескен операциясы барысында Қордай ауданының прокуратура қызметкері қылмыстық іс бойынша оң шешім шығару үшін азаматтан 200 мың теңге пара алу кезінде әшкереленді, – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы басшысының орынбасары Шыңғыс Қабдолла.

ЖАС ЗІЛТЕМІРШІЛЕР ЖЕҢІСІ

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өтіп жатқан ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінде елімізден барған бес бірдей спортшы жеңіс тұғырына көтерілді.

Алғаш болып 61 келі салмақ дәрежесінде Акмолда Сайрамкес әлем чемпионы атанса, одан кейін 67 келі салмақтағы зілтемірші Сайхан Тайсуев та алтын медальды еншіледі. 13 пен 17 жас аралығында 50 елден 200-ге тарта спортшы қатысқан бәсекеде Сәпи Есенкелді де қарсыласынан 21 келі артық көтеріп чемпион болды. Рахат Бекболат пен Ольга Пастухова да жеңісті шеруді жалғастырып, бірінші орыннан көрінді. Осылайша, Қазақстан құрамасы 5 алтын иемденіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды.



АНАЛАРДЫҢ АЙТАР МҰҢЫ КӨП

Республикалық «Әлеуметтік қамқорлық» бағдарламасы аясында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова Атырау аймағындағы көпбалалы отбасылармен кездесті. Үкіметтік комиссия төрттен сегіз балаға дейін тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасыларға барды.

Мысалы, көпбалалы ана Зульфия Қайырова алты бала тәрбиелеп отыр. Отбасы айына 45 мың теңгеге шағын жеке үйді жалға алған. «Күміс алқа» иегері қазір декреттік демалыста. Зульфияның жолдасы жүргізуші болып жұмыс істейді, жалақысы – 150 мың теңге. Мемлекеттен алатын жәрдемақыларды қоса есептегенде отбасының жалпы табысы баспана алу үшін қаражат жинауға жетпейді екен.

«Курсқа қатысу арқылы жаңа мамандықты меңгеріп қана қоймай, өзіңізге ұнаған кез келген мамандық бойынша қайта оқуға болады. Алдағы күндері жеке кәсіп ашуға бір реттік қайтарымсыз ақшалай серти-

фикат беруді бастаймыз. Мамыр айынан бастап көп балалы отбасыларға жалға берілетін үй, тиімді шарттармен ипотекалық несие беріледі, осы шаралар елдің әл-ауқатын көтеріп, проблемаларды шешеді деген сенімдеміз», – деді Гүлшара Әбдіхалықова.

Үкіметтік комиссия барған көпбалалы отбасылардың басым бөлігін тұрғын үй мәселесі, жұбайлардың бірінің жұмысы болмауы, мемлекеттік қолдау туралы насихаттың аздығы толғандырды. Ауылдан көшіп келгендер үшін қалаға тіркеуге тұру мәселесі де айтылды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев әр анамен жеке сөйлесіп, жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдер туралы түсіндірді. Жұмыс сапарының соңында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова мен Бердібек Сапарбаев азаматтарды қабылдады. Көпбалалы аналар тиісті әлеуметтік төлемдер туралы, әлеуметтік осал топтағылар мемлекеттік қолдау шаралары туралы мәлімет алды.

ЖАҚЫПОВА ХАЛЫҚ «ТАҢДАУЫН» ЕНДІ ТҮСІНЕ БАСТАҒАН СЕКІЛДІ

Бірінші сәуірден бастап берілетін 21 мың теңге жәрдемақы бір баласы бар мұқтаж отбасыларға да төленеді. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова айтты.

Оның сөзінше, елімізде әр балаға төленетін 21 мың теңге жәрдемақы тек көпбалалыларға ғана емес, 1-сәуірден бастап бір баласы бар мұқтаж жанұяларға да беріледі. Сәуір мен желтоқсан аралығында, яғни биылғы тоғыз айға осы жәрдемақыны беру үшін 94 млрд. теңге қарастырылуда.

«Негізі жоспар бойынша 2019 жылы 832 мың азаматқа түрлі төлемдер қарастырылып отыр.

Балаларға 20789 теңгеден төмен төленбейді. Атап өту керек, көпбалалы отбасы болсын, бір балалы отбасы болсын, егер мұқтаж болса сол жанұяларға төленеді», – деді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары С. Жақыпова. Естеріңізде болса, Астанада түнде болған өртте бес бірдей бала күйіп кеткен кезде журналистердің «Ата-аналары түнгі ауысымда жұмыс істеуге неге мәжбүр болды?» деген сұрағына «Ол олардың өз таңдауы» деп жауап беріп жұртты шулатқанын білесіздер. Халық оны бастығы М. Әбілқасымовамен қоса отставкаға кетуін талап еткенді. Орнында қалған С. Жақыпова енді абайлап сөйлеп, аяғын аңдап басатын шығар...

БАЛАЛАРҒА ҚИЯНАТ ЖАСАҒАҢДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткендерге жаза күшейтілді. Әсіресе, жыныстық зәбір көрсеткендер 12 жылдан 17 жылға дейін бас бостандығынан айрылады. Сенат заңға осындай өзгерістер енгізді.

Бұрын осы қылмыс үшін 10 жылдан 15 жылға дейін жаза арқалайтын. Ресми мәліметтерге қарасақ, соңғы 5 жылда 18-ге толмаған жеткіншектерге жыныстық тұрғыда қорлық көр-

сету бойынша 4.740 дерек тіркеліпті. Зандағы жаңа өзгерістер ата-аналар, өгей әке-шешелер, педагогтар мен бағып-қағушыларға қатысты. Яғни, солардың тарапынан балаларға зорлау мен зорлық-зомбылық жасалса, қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Одан бөлек, мұғалімдер, дәрігерлер немесе әлеуметтік қызметкерлердің де жауапкершілігі артады. Балаларға қиянат жасау деректеріне куә болып жатса, дереу полицияға хабар беру керек.




ДИМАШ МӘРТТІК КӨРСЕТТІ

Америкалық «Әлем үздігі» шоуына қатысып жатқан Димаш Құдайберген мәреге жақындағанда байқаудан бас тартты. Бұл жайында кезекті кезеңде өнер көрсеткен әнші тосыннан мәлімдеме жасады.

Ереже бойынша Димаш кішкентайлармен сайысқа түсуі тиіс болатын. Бірақ балалардың жолын кескісі келмеген ол «Сіздердің рұқсаттарыңызбен бәйгени кішкентай бүлдіршіндерімізге қалдырғым келіп отыр» деп қазылардан кетуге рұқсат сұрады. Димаштың мәрттігіне сенер-сенбесін білмеген қазылар алқасы мұндай шешімге таң қалғанын жасырмады. Тіпті, оның сайысқа келгенін есіне салғандар табылды. Алайда, жүргізуші баршаны өнер иесінің таңдауына құрметпен қарауға шақырды. Айта кетейік, финалға жолдама ұсынатын кезеңдегі 3 адамның бірі ретінде ән шыраққан жерлесіміз қазақстандық Дәнәлия Төлешова мен үндістандық 12 жасар паниношыға жол берді. Ал Төлешова соңғы сәтте қарсыласынан ұтылып, Үндістан өкілі Лидиан Надхасварам 1 миллион долларды жеңіп алды.

Құдай-ау, бізде кімдер министр, әкім, депутат болмады? Екі елі аузына төрт елі қақпақ қоя алмай, аңдамай сөйлеп жұрттың жүрегін ауыртқандар, түкке тұрғысыз «реформаларын» тықпалағандар, шала қазақшасымен халықты күлкіге қарық қылғандарды да көрдік. «Мұндай маман қалай ғана жауапты саланы басқарады, бұқараға қандай бағыт-бағдар береді?» – деген халық біздегі осы тектес кадрлық тағайындауларға да көндігіп алған секілді. Қазір оған ешкім таңғалмайтын болды. Солардың бірі, қазақшасы «қақалып» жатқан – Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсованың соңғы мәлімдемесі тағы да жұртты елең еткізді...



ҚАРИЯЛАРДЫ ҚАҢҒЫРТЫП ЖІБЕРЕМІЗ БЕ?

Көпбалалы аналарға немесе жағдайы төмен отбасыларға мемлекет трапынан жәрдемақы тағайындағанда отбасылық жалпы кірісті бақайшағына дейін тексеріп, тесік тиынына дейін санау басталды. «Күн көру деңгейінің жетпіс пайызы» деген желеу шыға келді алдымыздан. «Адам басына шаққандағы кіріс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан, яғни 20 789 теңгеден сәл ғана асып кетсе, бұл отбасы тұрмысы нашар отбасы санатына кірмейді. Себебі, тәртіп сондай» – деген болатын бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында журналистердің қойған сұрағына. Министрдің айтуынша, атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылатындар саны қазіргі 570 мыңнан 830 мың отбасыға дейін көбеймек. Демек, осы күнге дейін 160 мыңнан астам адамдар жәрдемақыдан қағылып келген деген сөз. Бұл әлі толық

дерек емес, жағдайы төмен отбасыларды түгендеу енді басталды.

Шынын айтсақ, мұндай «жарылқауды» халық түсінбей дал болуда. Елбасы көпбалалы аналардың ақпан айындағы талабынан соң өзінің тапсырмасында әрбір балаға айына 21 мың теңге жәрдемақы берілетінін жариялаған болатын. Бес балаға барлығы 16 мың теңге алып келген аналар үшін бұл кәдімгідей қомақты қаржылық демеу болары белгілі. Сонда «жетпіс пайыздық» шектеу қайдан шықты? Әлде Елбасының айтқаны аналардың талабынан тезірек құтылу үшін жасалған еқұшты тапсырма болды ма? Немесе төмендегілер мемлекет басшысының бұйрығын бұрмалап отыр ма?

Санап көрелікші, отағасы айына айталық 150 мың теңге тапсын. Бұл ақша мынандай қымбатшылық кезеңде жанұясын асырауға жетпейтіні айдан анық. Берілетін 21 мың теңге тамағы бар, киімі

бар, балалардың өзіне кетеді. Оның өзіне де жетпеуі мүмкін. Ал, қазір аспандап кеткен коммуналдық төлемдерді кім төлейді? Осы жағын есептеген жұрт «жетпіс пайыздық» желеумен жәрдемақыны жұлмалаған шенеуніктердің есеп-қисабына түсіне алмай жүр. Былайша айтқанда, нақты есеп бар. Бірақ қисап пен қисын жоқ.

Енді Мәжіліс депутаттарының неге дүрліккеніне қайта оралайық. Заң бойынша жағдайы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек беру үшін олардың бүкіл кірісі есептеледі, оның ішінде зейнетақы да бар екен. Тек мүмкіндігі шектеулі адамдарға берілетін әлеуметтік жәрдем мен студенттердің шәкіртақысы ғана отбасының ортақ табысына жатпайтын болып шықты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпованың осыны айтуы мұн екен, жасы егде тартып қалғандар мен зейнеткер депутаттар бірден дүрлікті. Сонда әлеуметтік жәрдемақыға

ілігу үшін ұрпақтары қартайып отырған зейнеткерлерді үйден қуып шығуы керек пе деген заңды сұрақ туындады. Онсыз да осы күнге дейін зейнетақысымен немерелерін бағып келген қариялар жылы ұясын тастап қаңғырып қалуы әбден мүмкін. Өйткені, тұрақты жәрдемақыдан қағылуға болмайды. Ал бауыр еті балалары мен немерелерін олар қартайғанда қайда тастап кетпекші? Тастағанда қайда барады? Міне, біз әдеттегідей бір мәселені шешеміз деп екінші бір түйінді тауып алдық деген осы.

Тым болмаса, қартайғанда өмір бойы еңбек етіп бұйырған қаражатымызды өзімізге жұмсайық деген депутаттар мемлекеттен зейнеткерлерге бөлек үй салып беруді сұрауға дейін жетті. Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсова қазақшаға киналмай-ақ, өзінің жатық білетін орысшасымен: – «Зачем выгонять? Надо строить дома, куда мы в старости пойдём. Это не дома престарелых. Это наши личные кооперативы. Построим, чтобы детям не мешать – уйдём жить на свои доходы», – деп салды керек болса.

Қарағұсованың бұл жолы күдік келтіретіндей бар, оны мойындау керек. Орысшала да ойы орынды шықты. Қарағұсованың бүгінгі өзінде бес бөлмелі баспана сатып алуға мүмкіндігі бар екеніне ешкім күмәнданбайды. Ал, қатардағы қарапайым зейнеткерлер не істейді? Олардың баспана алуға бір тиын артық ақшасы жоқ екені белгілі. Әлде мемлекеттік қызметкерлер «жетпіс пайызын» жалаулатып тексеруге келгенде көршісі мен туған-туыскандарының пәтеріне тығылып қалып немесе өз үйінен тіркеуден шығып, басы ауған жаққа қашу керек пе? Онсыз да баспана мен байлық үшін өзара соттасып жатқан ата-аналар мен балалар жетіп артылады. Бүгінгі қимылымызға қарасақ, жағдай соған жеткелі тұр. Көшеде қалған қариялардың саны бұдан кейін артпаса, енді кемімейді. Әлде көпбалалы аналар сияқты шеруге шығып олар да өкүқықтарын қорғау керек пе? Жок, ондай «бас аурудың» бізге керегі жоқ. Онсыз да шешетін мәселеміз жеткілікті. Сондықтан, қарияларды қаңғыртып жібермеудің де қамын қарастырғанымыз жөн...

Зейнолла АБАЖАН

Ақмола облысында Ерейментау деген аудан бар. Тарихтан хабардар адамдар білуге тиісті, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Үмбетей жырау секілді тарихи тұлғалардың елі болып саналады бұл аймақ. Былтырғы жылы осы ауданға Ақмола облысының әкімі М.Мырзалин В.Радченко деген адамды әкім етіп тағайындаған болатын. Сол кезде осындай хабарды естіген ерейментаулық бір топ ақсақалдар Көкшетауға облыс әкімінің қабылдауына барып, өз наразылықтарын білдірмекші болған еді. Бірақ, Мырзалин оларды қабылдамай, барған адамдар орынбасарының алдынан қайтқан.

Ол жерде ақсақалдардың қойған талабы мынадай еді: «Қарағым, біз Радченконы ұлты басқа адам деп отырған жоқпыз. Егер ол ауданның жай-жапсарын білетін, осы елдің адамы болса, бір сәрі. Оны сонау Қостанайдан сүйреп алып келдіңдер. (Кезінде Қостанайдан Ақмолаға екінші рет әкім болып оралғанда, Радченконы Қулагин алып келген деседі – автор). Сонда осы елде Ерейментауға әкім болуға жарайтын адам жоқ па? Біздер жаңа ғана ел болып, есімізді жиып, баржоғымызды түгендеп жатқанда, халықпен өз тілінде сөйлесе білетін, елдің өткеніне, салт пен дәстүріне құрметпен қарайтын адам керек. Қытай мен моңғол

ХАЛЫҚ ӘКІМДЕРҮШІН БІР ҚОРА ҚОЙ СЕКІЛДІ

ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНА РАДЧЕНКОНЫ 9 АЙ ӘКІМ ҚЫЛҒАН МЫРЗАЛИННИҢ НЕ ОЙЛАҒАНЫ БАР?

елінен, Өзбекстаннан коньс аударып келген оралмандар бар ауданда, оларға да өз тілінде айтқан мұнмұқтажын түсінетін әкім дұрыс болар еді» – деген.


Бірақ, Мырзалин ол ескертуді құлағына да қыстырған жоқ. Өткен жылдың 12-інші маусымы күні Радченконы Ерейментауға әкеліп әкім етіп сайлады. Сол күні жүз қаралы халық көшеге шығып, әкімдік жанына жиналып, өз наразылықтарын білдірген болатын. Бірақ оған елең еткен билік болмады. Көкшетаудан бір топ полиция келіп, жиналғандарды сырттай қоршауға алып тұрды. Естуімізше, сол күні әкімдіктің артқы жағында, ішкі аулада бір автобус ОМОН-дар да отырыпты. Сөйтіп, Мырзалин мырза тізеге басып Радченконы сайлап кетті.

Жарайды, ол кісінің де бір білгені бар шығар деді сосын ел іші. Мүмкін Мырзалинның өзі

айтқандай, Радченко «керемет іскер адам шығар» деп ойлады көпшілік. Сөйтіп, қызық болғанда, өзі у-шу қылып әкеліп отырғызған Радченконы Мырзалин 9 айдан соң қайтадан орнынан алып тастады. Сонда деп ойлайсың, оны не үшін әкеліп отырғызған? Қандай мақсатпен? Біраз отырғызып, қайтадан алып тастау үшін бе? Сол жері түсініксіз?

Осы 9 айдың ішінде Радченко аудан үшін ауызға аларлық бір іс атқарса, сөз жоқ қой. Онда қуана жарар едік. Бірақ, есте қаларлық ештеңе істемегенін ел іші біледі. Тек 9 ай отырды да кетті. Бар есте қалғаны, аты белгілі бір азаматты жұмыстан шығармақ болып, қаншама уақыт сонына түсті.

Ауылдарға барып жиналыс өткізсе, халық қазақша сөйлейді, Радченко оларды түсінбейді. Осылай тірлік жасаған аудан әкімі ақыры орнынан кетті.



Сонымен халайық, біз бұл жерде қайтсек те Мырзалинді немесе Радченконы қаралайық деп жазып отырған жоқпыз. Көзіміз көріп отырған жағдайды айттық. Және айтылған әрбір сөзіміз үшін жауап беремін!!! Айтайын дегеніміз, әкімдер осылай ойына келгенін істей бере ме? Халық деген қазір әкімдер үшін бір қора қой секілді. Қайтсем де, өз айтқанымды істетем дейді. Сонда бұларға бақылау

жасайтын Президент аппараты, мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік, басқадай ұйымдар қайда қарап отыр? Үлкен бір аймақты басқарып отырған М.Мырзалин халықтың ашу-ызасын туғызатын бұндай әрекетке не үшін барған? Осы жағы түсініксіз! Ертең ол халықтың пікірін аяққа басып, өзіне ұнаған біреуді тағы да 4-5 айға әкеліп отырғызуы мүмкін. Сонда осылай бола бермек пе?

PS: Естуімізше, биыл ауданға бір жарым миллиардтай сома бөлініпті. Оның 500 миллиондай сомасына сауықтыру кешенін салу үшін тендер өткізіліп, бұрын белгісіздеу бір фирма ұтып алды деген ақпарат естідік. 100 миллиондай теңгеге қаладағы №1 мектепті жөндеуге тендер ойнатылып, тағы да бір фирма ұтып алыпты. Бұлар Радченко кетпей тұрып болған жайлар. Әлде, Радченко осы құжаттарға қол қойып кету үшін ғана қажет болды ма екен деп ойлайсың еріксіз. Облыстағы коррупцияға қарсы күрес қызметі бұл фирмалардың кім екенін біліп, қандай жолмен ұтысқа қол жеткізгенін анықтаса ғой дейсің. Бірақ...

Сайлау БАЙБОСЫН

КТО СОЗДАЕТ ВОЛОКИТУ В ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПОЛИТИКЕ?!

«Ак жол» требует разобраться с волокитой в инвестиционной политике – соответствующий депутатский запрос озвучил 13 марта Кенес Абсатиров.

«Президент уделяет огромное внимание привлечению инвестиций и активизации вклада частного бизнеса в экономику. По его поручению для этих целей государством предусмотрены и законодательно закреплены в Предпринимательском кодексе преференции и меры по защите инвестиций, Правительством постоянно разрабатываются новые стимулы, вплоть до создания нацкомпании «Казахинвест» и Фонда прямых инвестиций», – говорится в запросе.

В то же время, в партию «Ак жол» обращаются отраслевые ассоциации и частные инвесторы по поводу бездействия чиновников, прямо отвечающих за данное направление государственной экономической политики.

Так, ТОО «Казахстанская Агроинновационная Корпорация» в 2015 году заключило с Комитетом по инвестициям инвестиционный контракт («Казахстанско-Белорусский индустриально-технологический парк сельскохозяйственной и коммунальной техники») и в 2018 году специальный инвестиционный контракт на производство сельскохозяйственной и коммунальной техники. За

период действия контракта компания инвестировала в проект 2 млрд. тенге, выпустила продукции на сумму 2 млрд. 800 млн. тенге, выплатила в бюджет 500 млн. тенге налогов. На 2019 год был запланирован выпуск товаров на сумму 5 млрд. тенге.

Но после того как 31 декабря прошлого года срок контракта истёк и подлежал продлению, начались мытарства, дискредитирующие всю инвестиционную политику.

Обратившись в Комитет по инвестициям 19 декабря 2018 г., ТОО вместо пролонгации

Контракта столкнулось с требованием о заключении нового контракта, с повторным прохождением всех согласительных процедур в министерствах и ведомствах. В результате, наложившись на передачу Комитета по инвестициям в ведение МИДа, бюрократический «футбол» тянется до сих пор, даже несмотря на официальные положительные заключения МСХ РК, МНЭ и МИИР. Теперь Комитет пытается ограничить срок нового контракта лишь сроками текущего года.

Между тем, как отметил депутат, Соглашение о промышленной сборке, которое является базовым документом контракта, подписывается как минимум на



НА 80% СОКРАТИЛОСЬ ЧИСЛО КАЗАХОВ В ЛАГЕРЯХ КИТАЯ

«Вы знаете, очень много сейчас в обществе обсуждений об условиях проживания наших соотечественников в Китае. Об этом вы сами, наверное, в курсе. Я официальным представителям министерства хотел бы задать вопрос: какая у вас имеется информация об исправительных лагерях в Китае и наших соотечественниках, которые находятся там? Какие меры вы будете принимать, чтобы их спасти из необоснованного заключения? Имеются ли комплексные программы?», – задался вопросами депутат мажилиса Берик Дюсембинов.

В ответ министр иностранных дел Бейбут Атамкулов сообщил, что в Китае на сегодня проживает 1,5 млн казахов. Наши дипломаты посетили эти лагеря. В этих лагерях также были независимые эксперты.

«К сожалению, это давление относится не только к казахам. Количество казахов-граждан КНР (находящихся в лагерях в Синьцзяне – Ред.) сократилось на 80% из общего числа наших соотечественников, которые там находились. Мы проводим большую работу. Эта работа относится не только к ведению МИД, но и другие госорганы проводят свою работу», – сказал глава МИД РК.

Между тем, по его словам, каждый день поступает информация касательно наших соотечественников в Китае. МИД РК держит это на контроле.

«В прошлом году 2,5 тысячи наших соотечественников получили визы для выезда в Казахстан. В этом году из числа граждан Казахстана, которые имеют двойное гражданство,



33 человека были заключены в китайские тюрьмы.

Мы со своей стороны по дипломатическим каналам и за счет работы консулов вернули 23 человека. В наше министерство поступило более тысячи заявлений от граждан, которые находятся в исправительных учреждениях Китая. По этим заявлениям мы работаем персонально, узнаем об их состоянии. Проводится работа персонально с каждым, потому что у каждого человека – своя история», – резюмировал Атамкулов.

nur.kz

НЕОБХОДИМО ПОГАСИТЬ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ ПО СУБСИДИЯМ В ЖИВОТНОВОДСТВЕ!

«Ак жол» просит правительство срочно погасить задолженность по субсидиям в животноводстве – депутатский запрос фракции озвучила 13 марта Дания Еспаева.


В партию «Ак жол» обратился Мясной союз Казахстана. Причиной обращения послужила несвоевременная выплата субсидий в рамках программы субсидирования развития племенного животноводства.

К примеру, на сегодняшний день сельхоз производители Актюбинской области не получили выплаты субсидий на сумму более 2,4 млрд. тенге за 2018 год, не решен вопрос о выплате на 2019 год по уже принятым обязательствам. Эта проблема носит масштабный характер и затрагивает жизненные интересы тысяч фермеров.

Так, за 2018 год в ходе реализации Госпрограммы развития животноводства Актюбинская область выстроила эффективную систему мясного кластера: от создания племенных репродукторов до мясоперерабатывающих комплексов.

В рамках реализации данной Программы, фермерские хозяйства в целях повышения доли племенного скота заключили контракты на поставку породистых КРС и оплатили их через Агрокредитную корпорацию, таким образом взяв на себя кредитные обязательства.

В результате в Актюбинскую



8 лет. Кроме того, в текущем году вступит в силу норма ЕвразЭС о запрете на заключение новых Соглашений. Это означает, что перезаключить данный контракт в следующем году уже не получится и проект потеряет все преференции, которые и делали его привлекательным.

В «Ак жол» считают, что такая позиция уполномоченного органа ведёт предприятие к просрочкам по кредитам, отвлечению оборотных средств, а главное – к срыву договоров по поставке спецтехники накануне весенне-полевых работ.

Скоро апрель, а столь нужная на селе техника простаивает на складе, а её производитель теряет рынок и покупателей, поскольку без понятных перспектив невозможно планировать себестоимость и ценообразование.

К сожалению, такой пример не единичен. В похожей ситуации находится ТОО «Комбайновый

завод «Вектор», которому тот же Комитет по инвестициям отказывает в заключении аналогичного Специнвестконтракта, ссылаясь на решения ЕАЭС.

При этом, в официальном разъяснении МНЭ уведомляет МИД о всё ещё существующей на сегодня возможности предоставления преференций в порядке, установленном национальным законодательством, т.е. через заключение Специнвестконтракта.

В этой связи фракция ДПК «Ак жол» обратилась к Премьер-министру с предложением:

1. Обязать соответствующие госорганы в срочном порядке заключить специнвестконтракты (или их пролонгацию) на сроки, указанные в Соглашениях по промышленной сборке.

2. Провести служебное расследование причин препятствования инвестиционной деятельности предприятий с устранением таковых.



область было импортировано 12000 голов породистых КРС, а на 2019 год запланировано импортировать ещё 16 000 маточного поголовья КРС, а также завезти 2500 голов племенных бычков в целях покрытия потребностей области в породном преобразовании.

Однако, из-за срыва субсидирования, практически у всех фермерских хозяйств создались огромные финансовые проблемы, связанные с ростом кредитной нагрузки и реальной угрозой банкротства.

Как отметила Еспаева, аналогичная ситуация складывается и в ряде других областей Казахстана, общая сумма задолженности перед сельхозпроизводителями по отрасли составляет порядка 36,6 млрд. тенге.

«В Послании Президента от 5 октября 2018 года отмечено о необходимости в полной мере реализовать потенциал агропромышленного комплекса, увеличить в 2,5 раза производитель-

ность труда и экспорт переработанной сельхозпродукции к 2022 году. Субсидирование затрат товаропроизводителей на приобретение племенного поголовья скота оказывало положительный эффект и способствовало удешевлению стоимости производства животноводческой продукции», – говорится в запросе.

В «Ак жол» считают, что сложившаяся ситуация со срывом заявленного субсидирования негативно отразится на развитии регионов и в целом Казахстана, может вызвать разорение предпринимателей и критическое падение доли МСБ в экономике страны.

В связи с вышеизложенным, депутаты фракции просят в срочном порядке погасить сформированную задолженность по субсидиям сельхозпроизводителей, используя в том числе и возможность уточнения бюджета.

Пресс-служба «Ак жола»

Ғұмыры ғасырлармен есептелетін Наурыз мейрамы адамзаттың айтулы және ең жарқын мерекелерінің бірі екені белгілі. Жер шарының жартысына жуығы бұл қасиетті күнді жыл сайын тұрақты түрде атап өтіп келеді. Оның нақты қай жылдан бастау алғанын дөп басып айтып бере алмасақ та маңызы мен мәніне ешкім күмән келтіре алмас. Жақсылықтың, жаңа жылдың, жаңа өмірдің басы ретінде қабылдап, бақытты болашақтың босағасын аттағандай сезінген ата-бабаларымыз Ұлыстың ұлы күніне қашан да құрметпен қарап, келер күнге үлкен үміт артқан.

МЕРЕКЕ мерейі

Жылдың басының күн мен түннің теңелген тұсына сәйкес келуінде де үлкен мән бар. Әлем жанадан жаралғандай, табиғаттың қайта түлеп, тіршілік иелерінің қыс қыспағынан кейін қайта қуат алуы дөп осы кезеңге тура келеді.

Жылдың басын жұмыр жерді мекен еткен ұлт пен ұлыстар әртүрлі айлардан бастайды. Жаңа жылдың наурыз айынан бастау алуы бір ғана бізде емес, Таяу Шығыс, Орта Азия, Балқан, Кавказ және басқа да елдерде қалыптасқан, халықаралық деңгейдегі мейрам. Мысалы, ежелгі Рим республикасында біздің дәуірімізге дейінгі 8 ғасырдың орта тұсынан бастап енгізілген күнтізбеде жаңа жыл наурыз айынан басталған екен. Сол үрдіс көптеген ғасырлар сақталып келген. Бір өзгешелігі, олар өз аңыздарында айтылатындай жылдың беташар айын соғысқа тиым салатын құдай Мартиустың құрметіне «март» деп атаған және өзге де елдерге кенінен тарап кеткен. Дегенмен, андаған адамға бұл жерде де үндестік жоқ емес. Біздің Наурыз мейрамы да татулыққа, бауырмалдыққа, бірлікке шақырады емес пе? Өткендегі өкпелерін ұмытып, кінәларын кешіріп, бір-бірімен төс қағыстырып, құшақтасып көрісетін көрініске бүгін де куә болып жүрміз. Жаңа жылдың басында көрші-қоландарына, туыс-жекжаттарына ізгі тілектерін айтып, ұлыстың ұлы күнінен бастап көңілдерінде қызыл қалдырмай жақсы қарым-қатынасқа көшетін болған. Әркім үйлерінде кең көңілдерін білдіре дастарқан жайып, мерекелік мол тағамнан дәм татырған. Бұл күнгі мерекелік дастарқанның жөні де мүлдем бөлек. Қазақ халқының өзгелерге ұқсамайтын ұлттық тағамдарының түрі көп. Бірақ, Наурыз мейрамына орай жайылған дастарқанның құда күткендегіден кем түспейтін, ас мәзірі жөнінен басты бір ерекшелігі бар. Ол – наурыз көже.

«Үстел үсті түрлі тағамға толып тұрса да, наурызкөже ұмытылса орны үңірейіп қалады» дейтін көнекөз қариялардың сөзінің қисыны бар. «Қазағымның қазы-қартасы көздің жауын алып, жал-жаясы жатса жайылып, наурыз-көжені қайтеміз?» дейтіндер де табылады. Бұл бұрыс пікір. Ата-бабаларымыз ежелден әр нәрсеге үлкен мән беріп, оның маңызына ерекше назар аударып отырған. Әрбір заттың өз орны, өз атқарар қызметі бар екенін ескеріп, ырым етуді де ұмытпаған. Жеті түрлі дәмнен құралған наурызкөжені ырыстың, молшылықтың, бақытты болашақтың бастауы деп білген.

Мейрамның мерейіне, дастарқанның құты мен сәніне айналып наурызкөже неге жеті түрлі дәмнен дайындалған? Қазақта жеті саны қашан да киелі

саналған. Көптеген жағдайларда өзінің бақытын да, болашағын да, табыс пен жеңістерін де осы жеті санымен байланыстырған. Сол үрдіс ұлыстың ұлы күні дайындалатын наурызкөжеде де көрініс тапқан. Бұл тағамға су қосқаны – өмір өзен секілді, ұрпақтарының өрісі кең болып, ниеті бұлақтай тазарып, мерейі судай асып-тасып жатсын дегенді білдірсе керек.

Наурыз көженің келесі тұрақты қоспасы – тұз. «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген дана бабаларымыз сөз мәдениетіне жіті көңіл бөлгенін білеміз. «Тұз – астың дәмін келтіреді, мақал сөздің мәнін келтіреді» деген мәйекті мәтелі осының айғағы. Киелі асқа тұздың қосылуы тұз-дәміміз жарасып жүрсін, бір-бірімізге ықыласымыз дұрыс болсын дегені.

«Наурыз оң болсын, ақ мол болсын!» Бұл мерекенің басты ақ тілегі десек қателеспейміз. Жеті дәмнің негізгі құрамының бірі болып есептелетін сүт немесе айранның алар өз орны мен мәні бар. Біздің ұлттық ас мәзірінде сүт, қаймақ, қымыз, құрт, ірімшік, айран, шұбат секілді тағамдардың түрі көп. Ағарғанның адам ағзасына тигізер пайдасын жақсы білгендіктен оны күнделікті қолданып отырған. Наурызкөже құрамында ақтың болуы айрандай ұйып, ниетіміз таза, ақ болсын дегенді дәл мензейді.

Жорықтарда, ұзақ жолдарда қазақ атамның қашанда қоржынынан табылатын құрт өзгелерде кездесе бермейтін, ұлтымызды ерекшелетін аса қажет тағамымыздың бірі болып келген. Оның құнарлығы мен қуаты көпке белгілі. Әсіресе, жазғытұрым әлсіз, аурушан адамдардың бойына күш-қуат берген. Осы қасиеттеріне орай және адамдарымыздың денсаулығы мықты, еліміз қуатты болсын деген ниетпен құртты наурызкөженің құрамына енгізген деп білуіміз керек.

Тойларында тайқазан толы еті болмаса сәні мен салтанаты келіспейтін ұлтымыздың наурызкөжеге сүйікті асын қосуы да занды. Бағзы заманнан ата-кәсібімізге айналдырған төрт түлік өміріміздің өзегі мен тіршілігіміздің тірегі, басты байлығымыз болып келгені аян. «Ет жесең тіске кіреді, жемесең түске кіреді» дейтін әзілдің астарынан ауқымды ой жатқанын аңғаруға болар. «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» шағына дөп келетін айтулы мерекеді қыстан сары майдай сақталып келген сүрдің де «зынсарыға» арналған сыбағасы бар. Ол наурызкөжемізге ерекше дәм беріп, құнарлығын күшейте түседі. Күнделікті дастарқанында ет болмаса шегі шұрылдап, құты қашатын қазақ атаулы оны берекенің белгісі деп білген.



«Денсаулық – зор байлық» деп дәріптеген ата-бабаларымыздан «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген даналық сөз қалған. Наурыз-көжемізде арпа не бидайдың болғаны абзал. «Арпа Алланың асы» деп те айтылады. Жаратушы иеміз «Нандардың ішіндегі жақсы нан – арпа наны. Кім оған қанағат қылса ол оны тойдырады. Себебі, ол менің наным, барлық пайғамбарлардың наны» деген екен. Арпаның шипалық қасиеттеріне қарап Шығыстың ежелгі тәуіптері оны «ғажап дән» деп атапты. Арпа адам ағзасындағы қан қалыпты күйін сақтап, бұзылмауына ықпал етеді және өзге де ауруларға қарсы емдік әсері мол көрінеді. Сонымен қатар ертеде жорамалшылар арпаға қарап келер жылдың қандай боларына алдынала болжау жасаған.

Қасиетті көжемізге қосылатын жетінші дән – күріш. Күріш те шипалық әсері мол, адамның ішкі ағзасын тазартатын табиғи қоспаларға бай дәнді дақыл. Жер жүзінің біраз бөлігіндегі қытай, корей, үнді, вьетнам сияқты ұлттар оны ас атасы – нанмен қатар қояды. Бұл да ырыс пен берекенің белгісі, масақ басына бітік біткен дәндей ұрпағымыз көп болсын, алдағы жыл молшылық жылы болсын деген тілектен туындаған ырым.

Наурызкөже осы аталған дәмдерден ғана тұрсын деген қатып қалған қағида жоқ. Алайда оның саны жетіден кем болмауы керек. Әркімнің жағдайы әртүрлі болғандықтан оны қолда бар тамақ түрлері арқылы да жасауға болады, ең бастысы тамақтың халал түрлерін тандасақ болғаны. Қалай десек те наурызкөжені көпшілікке дәм татыратын, тарататын тағам ғана деп есептемей, оның халқымыз ырым, ниет еткен басты шарттарын да ұмытпай есте ұстаған жөн.

Сөйтіп, Әз-Наурызымыз келіп әрбір үйде мереке басталады, қазандар көжеге толады. Наурыз көже ыдысқа толтырылып құйылады және оны тауысып ішу қажет. Бұл келер жылдың ырысы мол болсын, несібем ортаймасын деген сөз. Әдетте әйелдер өзімен ыдыс ұстап, наурызкөжеден ала кетіп, үйіндегі қазандағы көжеге қосады. Бұл да жақсы ырым, дәм-тұзымыз жарасып, аралас-құраласымыз көбейсін, ырысымыз бір-бірімізге жұғалысты болсын деген мақсатпен жасалады. Жылы лебізін білдіріп, наурыз-көжеден дәм татқан үлкендер жағы үй иелеріне батасын беретінде салт бар. «Қырықтың бірі - Қыдыр» дейді халқымыз, үйіңізге келіп наурызкөжеңізден дәм татып, алғысын айтып, ақ батасын берген адам Қыдырдың өзі болып шықсын, ағайын!

Зейнолла АБАЖАН

300 АТТЫ КЕРУЕН ОТПАН ТАУҒА АТТАНДЫ

14-наурыз күні Маңғыстау өңірі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында дәстүрлі бірлік пен ынтымақтастық мерекесін тойлайды. Мереке қарсаңында Ақтау қаласынан Отпан тауға дәстүрлі «Ұлы дала көші» аттанды.

«Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Мемлекет басшысы қазақ даласында өмір сүрген ежелгі көшпелі халықтардың жеті қазынасын атады. Маңғыстауда Амал-мерекесін тойлау, Елбасы мақаласының мәнін айқындай түскендей. Бұл мерекенің басты мақсаты – халықтың бірлігі мен тұтастығын нығайту, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласында салт ат мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді: «Жылқыны қолға үйрету, сол кездегі ата-бабаларымыздың көшбасшы болуына ықпал етсе, қазіргі заманда шаруашылықта және әскери істе ауқымды төңкеріс жасады».

Көшпелі халықтарға құрмет ретінде, Амал мерекесінің алғашқы күнінде «Ұлы дала көші» атты театрландырылған және мерекелік іс-шара ұйымдастырылды, оған ұлттық киім киген 300-ге жуық шабандоз қатысты. Дәстүр бойынша, алдымен ерлер арасында аударыспақ, теңге ілу сынды ұлттық ойындар ойнатылды. Содан кейін, «Амал келді, жыл келді» театрландырылған қойылымы өтті.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов барлық қонақтарды келе жатқан Амал мейрамының басталуымен құттықтады.

«Амал – бұл көктемнің келуінің, халықтың бірігуінің дәстүрлі мерекесі, ол Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында қойылған негізгі міндеттерді толығымен көрсететін мереке. Бұл мерекеді қазақ халқының көп ғасырлық тәжірибесінің мәні, оның баға жетпес мұрасы, қайнар көздері, ұлттық мәдениетінің мәні жатыр. Бүгін, Амал мерекесін тойлай отырып, біз Маңғыстаудың ұлттық тарихи мұрасын зерттеуге, қорғауға, сақтауға және насихаттауға өз үлесімізді қосамыз. Сондай-ақ, Ақтауда өтіп жатқан халықаралық конференцияға қатысушы Ұлыбритания, Түркия, Ресей, Әзірбайжан және басқа елдерден келген ғалымдарға қош келдіңіздер дегім келеді. Қазір олардың еңбегі өлкенің баға жетпес тарихи мұрасын зерттеуге және сақтауға бағытталған. Олардың Маңғыстауда жасаған ғылыми жаңалықтары жалпы тарих ғылымының дамуына серпін береді», – деді әкім Ералы Тоғжанов.

Содан кейін, ақсақалдар мен аймақ басшысы Ақшұқыр маңындағы, Бегей ауылына аттанған көшпелі көшке баталарын берді. Көшті жергілікті тұрғындар қарсы алды. Осы жерде мерекелік іс-шара, өнер көрмесі мен концерт ұйымдастырылды. Көш қатарына Ақшұқыр жастары қосылды және барлық театрландырылған шеру Отпан тауға шықты. Бұл жерде дәстүр бойынша 13-наурызды кешкісін бірліктің қасиетті алауын жағу рәсімі өтті.

Танымал қаламгер, балалар ақыны, марқұм Сұлтан Қалиұлының қолтумаларына қарап отырып ойға қаламыз. Бұлар жансыз фотообъективтің қапияда қақшып ала қойған ию-қию, аласапыран өмір-өзеннің миллионнан бір мезеті емес. Суретшінің байсалды пайымы, қиял дүниесі араласқан ғұмырдың мағыналы бір сәті... Тіршіліктің бөлшегі... Бәлкім, тіпті, өзі куә болған ел тарихының бір түйір сынығы шығар...

Мәселен, сонау жетпісінші жылдары күтпеген жерде қылқалам шеберінің назарына іліге қалған Шәмші Қалдаяқов дәл осы тұста уақыт озған сайын туындыларымыздың абыройы аспандап, әуендеріміздің бірі күндердің күнінде еңсели Қазақ мемлекетінің әнұранына айналады деп болжады ма екен? Немесе суретшінің: «Кескініңізді салып алайын, Мұқа!» деген тілегін орындап: «Ой, қызталақ, сенің осындай да өнерің бар ма еді?!» деп жымып отырған Мұқағали Мақатаев дәл сол шақтарда өзін де, өлеңін де «күресіңге бір итеріп» тастай салғысы келетін көпшіліктің кейін мұның қағаздағы бейнесіне ғана емес, қоладан құйылған таудай ескерткішіне бас иеді деп ойлады дейсіз бе!

ТАРИХТЫҢ ТИТТЕЙ СЫНЫҒЫ



Сұлтекең бірде осы суреттердің мән-жайын баяндап бергені бар. Шәмші Қалдаяқов бейнесін өзін Нұрғиса Тілендиевтің Дінмұхамед Қонаевқа қалай ертіп барғаны жөнінде әңгімелеп отырған сәтінде салып алышты.

— Әңгіме түйінделгенде кескіндемені өзіне ұсына қойдым. Өзі де, қасындағылар да көріп, менің атыма қолпаш сөздер айтып жатты. Сол кезде Шәкен: «Мен де саған бір сурет салып берейін» деп блокноттың келесі бетіне штрихтар түсіре бастады. Бір емес, бірнеше суреттің нобайын салды да: «Бұлар — жұмбақ суреттер. Қане, әрқайсында не бейнеленгенін таба қойшы!» — деді. «Кәне, кәне?» — деп басқалар да дәптерге төнді. Әркім әрқалай долбарлап жатты. Бірақ дәл шешімі табылмаған соң, Шәкеннің өзі түсіндіріп берді...

Немесе ақ қағазға бейнесін түсіріп бітірген соң Мұқағали мен автор арасында болған әңгімеге көз жүгіртейік: «Салып болған соң өзіне көрсеттім. Не айтар екен деп тағатсыздана күтіп тұрмын.

— Иә, қатты ұқсайды. Мұндай да өнерің бар екен-ау...

— Ендеше, Мұқа, астына бірдене деп жазып беріңізші! — дедім. Мұқан менің қаламсабымды алды да, суреттің астына: «Мен — мен едім, Мен едім... 13.06. 74» деп жазып, қолын қойды. Ошамабет өлеңінің келесі жолын мен ойша жалғастырдым: «Мен Нарында жүргенде...». Мұқан өзінің туған ауданы Нарынқолда өткен күндерін есіне алып отырды ма екен?.. Нарынның символикалық жер атауына айналғаны қашан! Әйтсе де жер атаулары қандай ұқсас. Нарын, Нарынқол. Ал Махаңа — Махамбетке Мұқанның ұқсастығы бар ма? Екпін, ырғағы бөлекше болғанымен, ақындық ұқсастығына таласым жоқ. Махаң — батыр. Мұқаң ше? Алпамсадай денесі батырға лайық-ақ. Ал Маханды суретінен ғана көріп жүрміз. Онда да

дене бітімі тұтас бейнеленбеген. Сірә, Махаң да денелі, ірі тұлғалы болса керек. Батырлық деген найза ұстап жауға шабу ғана ма екен? Ал қан төгіссіз, бейбіт кезеңдерде батыр болмай ма? Неге болмасын! Семсер сөзін найза етіп, шынғырған шындықты қорғап қалған хас ақындарды қалайша батыр демесің. Сол жаужүрек ақыныңыз, бәлкім, осы Мұқан болар!»...

Міне, бір қарағанда «әшейін» ғана көрінетін кескіндемелер осындай түрлі толғаныстарға да бастап кетіп отырады.

Қаламгер әр нәрсеге әуестенген сонау балғын шақта жүгерінің паясы мен камыс сабағынан автомобиль, желкенді қайық, бесік модельдерін қиюды, себет тоқуды жақсы менгергенін аса бір кимас сезіммен еске алды. Бірақ біршама қиын өнер саналатын мардан (төсеніш) тоқуды әжептәуір игергенімен, кейінірек бұл іспен айналысуды доғарып, шеберлік шынына жете алмай теккеніне өкінді.

Соғыстан соңғы жылдары бүкіл елдімекендегі жалғыз іс машинасының иесі ретінде ауыл тұрғындарының киімдерін бір өзі бүтіндеп беріп жүретін Айғаным ананың ұлы болғандықтан, тігіншілікті де ерте үйреніпті.

— Әскерден келген көрші жігітке тым үлкен шалбарды қайта сөгіп, жігіткей, шап-шақ қылып қайта тігіп беріп, риза қылғаным әлі есімде. Қазір де ол шеберліктен құралақан емеспін, — деп еді жұмсақ жымып.

Сондықтан шығар, Сұлтекеңе балалары мен келіндері ылғи: «Егер құнттасаңыз, сізден ғажап модельер шығар еді» деп тамсанатын көрінеді.

Бұған қоса қол боста ағаш жоннып, түрлі бұйымдар жасауға құмар болған. Кезінде балаларына да сан алуан ойыншықтарды әп-әдемі қылып қолдан жасап беріп жүріпті.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, біз мұндай ісмерлік ұзақ жыл балалар басылымының басшысы болған кісі үшін аса бір таптырмайтын, жарасымды қасиет шығар деп ойлап едік. Себебі, расында да, жас ұрпаққа арналған барлық жақсылықтың үлгі-өнегесі осындай орындардан басталмай ма.

Сәкен, ең алғаш графика мен сұңғатқа, кісі келбетін бейнелеуге деген құштарлығы сонау 1952 жылы екінші класта оқитын кезінде Сталиннің суретін салудан басталғанын әңгімелеген-ді.

— Кітаптан «халықтар көсемінің» алтын жұлдызын тағып, фуражкамен отырған әйгілі суретін қайта-қайта көшіріп, ойдан да сала беретіндей деңгейге жеткенмін. Бірде, үйде сондай оншақты кескіндеменің ортасында шұқшыып сурет салып отырғанымда үстімнен шыққан бригадир Оршыбектің төбе шашы тік тұрды. Көзі ежірейіп:

— Өй, салуға болмайды мұндайды!



Атады ғой! Құртады ғой бәрімізді! — деп алды-артына қарамай безе жөнелді.

Сұлтекең «осыдан кейін өзім де біртүрлі үрейленіп, оны салмайтын болдым. Аң-құстарды кескіндеуге көштім» — деді. Бірақ бәрібір адам келбетін, олардың бет-жүзіндегі ерекшеліктерін, түрдегі сезім сәулесін зерттеп, бейнелеуге деген құштарлық тарта бергендей.

Есейе келе Абай атындағы Жамбыл педагогикалық училищесіне түскенде жақсы суретші ұстаздар кездесіп, шеберліктің қыр-сырына дендей бойлауға мүмкіндік туады. Қылқаламды су бояуды қойып, майлы бояуға да матыруды үйренеді. Сөйтіп бертіңге дейін



қолдан қағаз-қарындаш түспейтін әдет тауып, лездемелерде, жиналыстарда... құрылтайларда отырып, жүздеген замандастың кескінін бейнелейді. Ал әр кезеңдерде журналист, балалар ақыны, суретші Сұлтан Қалиұлының алдынан өтіп, кескіндемесіне кейіпкер болған белгілі де, белгісіз тұлғалар жүздеп саналады. Мысалы, суретші назарына іліккен ақын Өтежан Нұрғалиев те Сұлтан салған өзінің суретін бірталай ұстап көріп, астына: «Мынау менің тура образым. Ғажап дәлдікпен орындалған» — деп қол қойыпты. Композитор Әсет Бейсеуов те: «Сұлтанға рахмет» — депті...

— Мұндай кейіпкерлер арасында Сапарғали Бегалин, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Айбергенов сынды өзге де көптеген тау тұлғалардың болуы — мақтанышым. Осы бейнелерді көргенде дәл сол сәттегі көріністер көз алдыма айна-қатғис орала қалады, — деп еді өзі.

Біздіңше, Сұлтекең әуескер суретші саналғанымен, оның қолтумалары кәсіпқой мамандардың еңбектерінен ешбір кем емес. Қайта бұлар қарапайымдылығымен көз тартып,



орындалу дәлдігімен, шынайылығымен, кейіпкер характерін сәтті аша білуімен ерекшеленеді.

Бұдан соң «Етті қолмен жеп, өленді қаламмен жазғанға не жетсін!» деп Қадыр Мырза Әли айтыпқышы, әуескер адамның сондайдағы көңілі қалаған кісінің суретін қарапайым қаламсаппен салып алуында да тартымдылық бар. Және, андасаңыз, дәл жұмыс үстінде суретші мен кейіпкер арасында көзге көрінбейтін әлдебір тылсым байланыс орнай қалады. Одан соң, бәлкім, кескін нақты адам келбетінен қолма-қол көшірілетіндіктен бе, қылқалам арқылы қағазға түскен бейнеге кенет жан бітетіндей әсерленесіз.

Қазір арамызда Сұлтекең жоқ. Таяуда мәңгілік мекеніне аттанды. Бірақ артында жас ұрпаққа үлгі-өнеге, білім, тәрбие беретін көптеген кітаптары мен мынандай бағалы мұрасы қалды.

Андасаңыз, бір сәт, аса елеусіз көрінетін осындай «ермектің» өзінде қаншама сыр жатады екен.

Өрі-қыры бірдей, өмір жолын, тағдырын өнегесімен де, өнерлі ісімен де кемелдікпен өрнектеген, солқылдаған қаламы, толқындаған ойы, сыңғырлаған тілі бар қаламгер, қоғам қайраткері, тіл жанашыры, өлкетанушы Қайырбек аға Сәдуақасов тұлғасы айрықша қызықтырады. Себебі, атам қазақтың: «Ағайынның басы еді, алтынды ердің қасы еді» дейтін қағидалы ғибраты сүйегінде асылдық, мінезінде көркемдік бар Қайрекеннің берекелі hareketін сипаттап жеткізгендей. Сандал таулары омыртқадай тізілген Сарыарқаның қасиетті жері Бегазы – Дәндібай, Қызыларай топырағында сұңқардай түлеп ұшқан ұлт қаһармандары Әлихан, Әлімхан, Жақыптар өніп-өскен ортадан тыққаны және осы Ұлы Дала көсемдердің тағылымын, дуа-дұғадай қасиеттерін көкірегіне қондырып, ой жүгіртіп тоқығаны, рухын болмысына терең сіңіргені, тілек-мұратына, арман-қиялына айналғаны тағы бар. Сондықтан да адал қызмет атаңа қыл деген халық даналығына өмірінің темірқазығы еткен тиянақты ұстанымы бар. Бұған Алаш қайраткерлерінің шығармашылық өмірбаяны ыждаһатпен зерттеп-зерделеп танытқан «Алаш алыптары», «Әлихан әлемі», «Алаш айтқан асыл сөз» дейтін еңбектері толық айғақ. Және де даңқты жерлерінің де мұрасын жинақтап та жарыққа шығарды.

Ол орышадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға төгілдіріп туындатудың қас шебері. Бұл орайда орыс тілінде жазылған Ә.Бөкейханның «Қазақ өлкесі», Г.Потаниннің «Тоқырауын өзенінің жағасында», С.Бөкейхановтың «Өткен күнде белгі бар», Жан де Лабрюйердің «Мінездер немесе осы ғасырдың әдет-ғұрыптары»

ан өнер дарыған: ол – ақындық, композиторлық, ойға, сөзге, тілге тапқырлық, аудармашылық, драмашылық, әңгімешілдік, публицистік, суретшілік, редакторлық, парасаттылық. Бұл не деген мәрттік, сан қырлылық! Расында жаратылыстың, топырақтың, өскен ортаның сыйы, елдің тәлімі, атаның дәстүрі, мектебі. Шабыт қанатында пар-



ӘЗІЗ АҒАНЫҢ асыл қырлары

дейтін кітаптарымен қазақ оқырмандары К.Сәдуақасовтың аудармалары арқылы танысты.

Өз басым Орталық Қазақстанның жерімен де, елімен де, Қайрекендей сұңғыла ерімен де ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында таныстым һәм табыстым. Қазақтың ақындық-әншілік, композиторлық өнерінің дарбозы Шашубайдың 125 жылдық мүшелтойы Ақтоғай – Балқаш өңірінде дүркіреп өтуіне Жезқазған облыстық Тіл басқармасының бастығы, алғыр ұйымдастырушы Қайырбек ағаның еңбегі ерекше елеулі. Ол – Шашубайдың портретін жасады. Менің баяндамамады орыс тіліне экспромтпен тәржімалады. Әйгілі дарынның есімін мәңгі есте қалдыру үшін барша қайрат-жігерін жұмсады. «Серілердің соңғы тұяғы» деген зерттеу жазды.

Оның сұлулықты нәзік түсінетін қабілетті, суретші екендігіне атақты ақын Нарманбет Орманбетұлының, күйші Сайдалы Сары Токанын, шешен-би Шабанбайдың портреттері айғақ.

Иә, халық рухын, ел мерейін, ұлт мәртебесін асқақтатқан Ақжолтай Ағыбай батырға, Нарманбетке, Сәкенге арналған салтанатты мәслихаттардың жуан ортасында жүріп, аяғының ұшымен қызмет еткеніне, әрі майлық, әрі сулық болғанына, мамықтай мінез-құлқына, көркем істеріне куәгермін.

Қайран, жұмақтың төріндей Қызыларай, Бегазы, Бектау-Атадай көрікті таулары-ай! Ақтоғайдың Ақсорандай айбарлы шындары-ай! Көркем жаратылыс-ай! Бұлбұлдар мен дүлдүлдердің, ғасыр мақтанштарының мекені-ай! Солардың бірі-адамгершілік мәдениеті, білім деңгейі Қайрекенге де алуан-алу-

лайтын, өмір, дүние, болмыс құбылыстарын суреткерлік зердемен қабылдайтын Қайрекеннің «Уақыт – жебе» атты өлеңдер жинағында жүрек сырлары, көңіл-күй толқындары келісті кестеленеді. Этикалық, философиялық сарындары былайша өріледі:

Дана да жасай алмас бір
Зандылық,
Бәрі де табиғаттан...
құр жаңғырық.
Әрекет бағдарларын
парасатпен,

Іріктен ізгі жолын ождан,
білік. («Адаса көрме, азамат!»)

Ақынның рухани болмысын, ішкі мәдениетін, өмірге көзқарасын «Жанымды жану» дейтін өлеңіндегі мына бір ақындық лебізі айғақтайды. Ендеше сырға, сезімге бай жүрегінің дүрсілін тыңдайық:

Алысу маған жат ұғым,
Арпалыс қана өрісім,
Ар шыны тойлар шаттығын,
Арналып өмір ел үшін.
...Мән болмай жүрсе өмірде –
Мұн қонған болар жүрекке,
Ән қонбай жүрсе көңілге –
Қалғаны сезім түнекте.

Қайырбек аға ел әдебиетіне жетік. Әңгімешіл. Әдеби тілдің нормаларын сақтайды, ойы да, сөзі де мөлдір, анық, нақышты. Би-шешендердің, жыраулардың, ақындардың мұрасын жақсы біледі. Ел аузындағы әңгіме-тәмсілдерді тамылжытып айтады, қазақ сөзінің киесін ардақтайды. Ол бір әңгімесінде, Төнкеріс дәуіріндегі шолақ белсенділердің жазықсыз бейкүнә жандарды кісендеп әкеткенде, зарлап-боздап қалған әйелдерінің мына бір қарғыс сөздерінде дәуір мәліметтері,

заманның зобалаң суреттері келтірілген:

Дастар қасына құласын,
Қара жер қасына құласын.
Өзенге бар да суға түс,
Суға түс те құмға ауна!
Құм қалай жабысса,
Пәле солай жабыссын.

Бұндағы «Дастар» – Тоқырауын өзені бойындағы шынның атауы, Көлгін деген елдің күңіреністері, трагедиялық хал-ахуалы.

Ақтоғай елінің бір кеншарының директоры Әбілдин Сәрсенбай сол өңірде елді аузына қаратқан, улы тілімен дәлмедәл омақасыннан түсіретін «жынды» Ысқақ мені ешқашан сықақтамайды деп күрсініп-кісімсініп жүреді екен. Бірде айтқыш Ысқақ оның көзінің боп-боз екендігіне: «Тасқа тамған ешкінің көзіндей

антұрған!» деп оңдырмай сілейтеді.

Иә, Қайрекен халықтың даналық дүниетанымының, тәжірибесінің жемісіндегі мақал-мәтелдерді ой-пікірін тұздықтап, тұжырымдап беру үшін жүйріктікпен қолданады. Бір кісілер болады жөнсіз пысықай, өзгенің несібесін қағып түсетін, сонда «Асықсаң әжеңнен неге тумадын» деген жапон мақалын тілге тиек еткен еді.

Білікті, білімді зангер, бауыры Нақыпбек Сәбит Мұқанов егде жасына қарамай қалмақы жүріспен жанында ертіп алған кісісі бар Орталық Комитетке қарай кетіп бара жатқанда сәлем беріп, қолын созады. Соны Нақыпбек: «Сәлемге созған он қолымды «Сәбең сол қолымен ғана қысып өтіп еді» – дегенде, ағасы Қайрекен: «Е... Сәбең саған он қолын бергенде ғой, ендігі жап-жақсы жазушы болар едің» – деп әзілдепті.

Тағы бір жарқын мысал. 1992 жылы Хан Кененің үзеңгілесі Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 жылдық мерекесі Ағадыр ауданының Айыртауында өткен-ді. 350-дей киіз үй тігілген. Бейне бір шаһар сияқты киіз үйлердің іші дәстүрге лайық жасақталған. Қайрекенмен бірге мен де комиссияның мүшесі едім. Атақты би, шешен Жақсы Жанқұттыға арнайы тігілген киіз үйден сыртқа беттеп бара жатқанда дәл төбемізден қалықтап, ғарышкер Токтар Әубәкіров мінген тікұшақ әп-сәтте қона қалды. Сонда дереу Қайрекен: «Киелі сөздің иесі Жақсы Жанқұттының аруағы шақырды» – деп ырымдап, бас бөйгені құт қонған осы киіз үйге ұйғарды.

Ойымның түйіні, Қайрекеннің тілге, дәстүрге деген құрметі, рухани жетілдіруге деген құштарлығы, ұлттық рухани құндылықтардың өрістеуіне деген ізгі ниеті.

Қайраткер, ұйымдастырушы, халық қызметкері Орталық Қазақстанның рухани-мәдени өркендеуіне (жыршылық, термешілік, айтыскерлік, театрлық) өнердің дамуына салмақты үлес қосты.

Ол Ұлытау тарихи-мәдени және тарихи табиғат қорығы, Ақтоғай-Қызыларай тарихи-этноархеологиялық ұлттық қорық-паркі, Ортау-Дарат шығыры қорығы жобаларын жасауға, Ақтоғай аудандық тарихи-археологиялық-этнографиялық, Жанаарқа аудандық С.Сейфуллин атындағы әдеби-мемориалдық музей-кешені, «Ұлытау үні», «Байқоңыр дауысы» өнер фестивальдерінің ұйымдастырылуына ерекше еңбек сіңірді.

«Жақсы жүрген жеріне кент салады» дегендей, ол ұлт мұраты мен әдеби-шығармашылық, қайраткерлік жолында ақ-адал қызмет етіп, ар-абырой, парасат биігінен көрінді. Абзалдық қасиетке ие толық кәметке жеткен жетелі, өрелі асыл ағамызға өмір сәулетін, еңбек зейнетін, отбасылық бақыт тілеймін. «Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз, Ізгіліктен жасалмаса кеменіз» – деп Рудаки айтқандай, кісілікке кемел кеменіз өмір теңізінде құлаштап-аршындап жүзе бергей!

Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының
докторы профессор





Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бәймен ағамыз да асқаралы алпыс жасқа келіпті. Бұл орайда осынау айтулы азамат, білікті маман, іскер жетекші, жайсаң замандас туралы кейбір жәйттер еске түседі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, Әлекеңе қатысты көңіл түкпіріндегі азкем естелікпен бөлісуді ұйғардық.

АЛАШ

Әлихан Бәймен туралы сыр

Жаңа ғасыр басталған тұста республикалық «Қазақ Әдебиеті» газетінің басшылығына көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулет келді.

О кісімен сол күндердің бірінде әңгімелесіп отырғанымызда:

— Жаңа дүниелерің бар ма, сенің өлеңдеріңді жариялайық, сыртына бір ауыз сөзіңді берейік, — деп қалды.

Әрине, мұндай ниет құлағыма жақты, көңіліме қонды. Дегенмен, ойлана отырып:

— Ұлаға, біздің кезегіміз қашпас. Қайта, түрлі себептермен көріне алмай жатқан жастарды шығарсақ, — дедім. Ұлаған бірден:

— Иә, мұның, расында, «идея» екен. Олай болса, жастарға арнап, газеттің қосымшасын ашайық. Атын «Жас қалам» деп қойсақ. Және оны ай сайын үзбей шығарып тұрсақ, — деп аяқ астынан өзіме тапсырма беріп тастады.

Көп толғандым. Айтуын айтып

қалғанымызбен, бұл оп-онай атқарыла салатын шаруа емес еді. Оның өскелең талғамға сай формасын ойластыру керек, макеті, фотосуреті, түрлі иллюстрациясы, мазмұн-мағынасы бар, кімді беріп, кімді қоямыз, тартымды етіп шығара аламыз ба, сенімді қалай ақтасам болады дегендей, әжептәуір қиналуға тура келіп қалды.

Ең алдымен қаражат мәселесі деген «қамал» бар еді. Бұ жағына келгенде, тіптен, тұйыққа тірелдік. Содан ойласа келе «Зерде» қоғамдық қорының жетекшісі Әлихан Бәйменге барып жәрдем беруін өтіндік.

Әлекең талабымызды бірден қолдап, көмек қолын қуана созды. Міне, осылайша іске кірістік. Газет маңдайына «Зерденің» эмблемасын орналастырып, «Жас қаламды» ақырындап шығаруға кірісіппіз. Мұнда ай сайын дарынды жастардың өлеңдері, әңгімелері, сын материалдары біртіндеп шығып жатты. Мен де игілікті іске құлшына кірістім. Әр дүниенің

тұсында тұратын суреттеріне дейін өзім салып, түннің бір мезгіліне дейін отыратын сәттерім күні бүгінге дейін есімде. Арада бір айдай өткенде басылымның алғашқы санымен танысқан Ұлықбек ағамның риза болып, арқамнан қаққанын да ұмытпаппын.

— Бұл — біздің жастарға жасаған үлкен бір сыйлығымыз болды. Енді осыны жоғары талапқа сай мұқият шығарып тұруымыз керек, — деді ақын ағам.

Расында, да ғажайып бір әлем пайда болғандай еді. Енді осынау жарияланымды бүкіл ел асыға күтетін болды. Қазір елге етене таныс жас ақын-жазушылардың көпшілігі осы қосымша арқылы танылды десек, артық айтқанымыз емес.

О тұста бүгінгідей әлеуметтік желі деген жок. Түске де кірмейді. Сондықтан, «Жас қалам» қосымшасы әрбір жасқа лайықты мінбер болғаны анық. Әйтеуір, әуелі Құдай, одан соң Әлихан Бәймен болмағанда, «Жас қаламның» шығуы неғайбыл-тын. Ондай жағдайда, қаншама дарынды жастың танылуы, әдеби жағынан ұшталуы, жарқырап көрінуі кешеуілдеп қалатындығы түсінікті еді. Әр нәрсе өзінің уақытымен ұшталады ғой...

«Жас қаламға» кәнігі қаламгерлер де белсене атсалысты. Мәселен, қосымшаның «Тұңғыш туындының тарихы» деген айдары аясында олар өздерінің ең алғашқы шығармаларының жазылуы туралы ағынан жарылып, жүрекжарды сырларын айтты. Ұрпақ сабақтастығы, өзара тәжірибе бөлісу, сырласу деген де осы еді.

Бұл ретте айтпағымыз, Әлихан Бәймен дер кезінде демеушілік жасамағанда, бүгінгі кейбір ақын-жазушылар дәл уақытында өзіне лайықты жол тауып, елдің әдеби өмірінен танылмай қалар ма еді деген күдік билейді. Қазір қарасақ, Әлекең осы жағдайды жіті сезініп, мән-жайды терең түсініп, ахуалды нақты бағалай білді деп ойлаймыз. Әйтпесе, ол ондай қадамға бармас еді. Міне, соның нәтижесінде бізден кейінгі тұтас бір буын қалыптасып, өсіп шықты.

Ал осы ахуалды кейінгі жастар біле ме, білмей ме, ол — басқа мәселе...

Ақыры, газет қосымшасы шығып жатты. Ел де оны өз-өзінен шығып жатыр деп ойлаған шығар. Бірақ олай емес еді. Оның сыртында Әлихандай

азаматтың жомарт жүрегі, мейірімді көңілі, қамқор алақанының табы жатқан болатын. Мұндай жәйттер, әлбетте, ертелі-кеш айтылуға тиісті деп ойлаймын. Дәл сол тұста газет қосымшасының шығуымен бірге түрлі поэзиялық кештер, мүшәйралар өтіп жатты. Олардың да басы-қасында Әлекең жүрді. Ол да өзіндік бір мінбер еді. Жастар онда өз ойларын ашық айтты. Пікірлесу, араласу, сырласу дегендей мағындадағы кештер қоғамды ұйыстыра түсті; биік елдік мұраттар жолындағы жарқын, мейлінше жасампаз көзқарастарға мұрындық болды. Біз де сол тұста хал-қадегімізше жүрегіміздің ақ-адал сөзін айта алдық деп білемін. Жастар марапатталып жатты. Оның қазір кімдер екені де анық есте жоқ; әйтеуір, біздің арамьызда біреулерге бұра тарту, әділетсіздік жасау деген әңгіме болған жоқ. Ел де риза еді. Міне, біреуге аға, біреуге іні Әлекеңдей жарқын тұлғаның осындай еңбегі бар еді. Бір қарағанда, аса ауқымды көрінбегенімен, шынында, ұлттың рухани өміріне, әдебиеті, мәдениетіне сіңірілген

ұлан-ғайыр еңбек. Иә, қайталап айтайық, соның арқасында қаншама жастардың тағдыры шешілді деуге толық негізіміз бар.

Кейін бағамдап көрсек, Әлихан ағамыздың осыншалықты ұлт жанашыры деңгейіне көтерілуі сонау бала кезінен-ақ басталған секілді. Оның өмірбаянына қарасаңыз, небір қызықты жәйттерді байқайсыз. Айталық, жастайынан қоғам және мемлекет қайраткері ретінде танылған Әлихан Мұхамедияұлы ешқашан коммунистік партияның мүшесі болмапты. Қайта, керісінше, сол коммунистік идеяларға қарсы болып өскен екен. Себебі, өз әкесі мен нағашысы сол жүйенің қуғын-сүргініне көп ұшырапты. Әкесі Мұхаң өмірінің соңында, яғни, совет өкіметінің дүрілеп тұрған кезінде, нақтырағы 1980 жылдары жүз адамнан тұратын мешітті тіркеу үшін күресіп, ақыры дегеніне жетеді. Және о кісі қылышынан қан тамған сол солақай жүйемен күресті ертенен-ақ бастаған екен деп пайымдаймыз. Әйтпесе, ол өз ұлына Әлихан Бөкейханның есімін қояр ма еді! О заманда Алаш арыстарының атын атауға тиым салынбады ма?!

Бала Әлихан жасында бокспен айналысыпты. Сондай-ақ, футболды көп ойнаған. Және әдетте орталық жартылай қорғаушы болған. Әмбе әріптесіне ылғи «пас» беруді ұнатқан. Міне, осыдан-ақ, болашақ ел қайраткерінің мінез-құлқы байқалатындай.

Ал «Зерде» қоғамдық қорына келсек, кезінде осы ұйымның атқара бастаған жұмыстары туралы естіген Президент Нұрсұлтан Назарбаев Әлихан Бәйменге өзі телефон шалып, оны шаруа дұрыс шаруа екенін, мұны мемлекет тарапынан да қолдау қажеттігін айтыпты.

Қысқасы, асқаралы алпыс жасқа толып отырған Әлекеңнің әрбір ісіне толағай табыс тілегіміз келеді. Сондай-ақ, оған, әлбетте, зор денсаулық, шалқар шабыт тілейміз. Өйткені, оны асқар елдік мұраттар бағытында атқаратын қыруар істер күтіп тұр.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ – ҚАЗАҚ ӘНДЕРІНДЕ

1985 жыл. Аспирантпын. Қосымша табыс үшін Асқар есімді азамат екеуіміз түнде Мәскеудің 1905 жыл көшесіндегі трамвай депосында жұмыс істейміз. Николай деген түрі қазаққа ұқсас егде бригадир бір күні бізден қазақша сөйлесуімізді өтінді. Біз сөйлесе бастағанда көзі жасаурап, көңілі бұзылып, бұрылып кетті. Кейін өз тағдырын баяндап берді. Ол — қазақ екен.

Ашаршылық зардабынан 2-3 жасар баланы анасы Мәскеуге бара жатқан отарбадағы біреулерге табыстаған деп ойлайтынын айтты. Солай деп өзі тәрбиеленген балалар үйіндегілер айтса керек. Бар білетіні — қазақ екендігі және Қостанай атауы. Ол туған жері ме, не отарба аялдаған жер ме, одан бейхабар. Заты қазақ болғанымен, таза орыс-кеңес мәдениетінің өкілі болып тәрбиеленген. Іштей Қазақстанды көруді армандағанмен, оны жүзеге асыруға жүрексінеді екен. Отбасы да құптамаса керек. Барғанымен ешкімді білмейтінін айтып, көңілі құлазыды.

Келесі түні Николай қазақша ән айтуымызды өтінді. Ән айтылғанда көзінен жас парлап қоя берді. Кейін ауысымдарымыз тура келген сайын бізге ән салғызатын болды. Николай бізге ағалық қамқорлық жасап, жатақханадағы достарымызға асханадан сәлемдеме жіберіп тұрды. Түнгі жұмысты доғарып, қоштасуға келгенімізде: «Мен енді ғана қазақтың жанын түсіне бастадым. Әсіресе, қазақтың әндері қатты әсер етті. Сендерге рахмет. Мауқымды басқандай болдым. Елді бір көріп қайтуға бел будым» — деп, бізге батасын берді.

(Әлихан Бәйменнің фейсбуктегі жазбасынан)

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ,
ақын, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері



Қазақтың жігітінің Ұлытауы!

Туғалы отқа түсіп,
өртке де еніп,
Өмірдің өлмес күйін шерткен едік.
...Сен біздің үкілеген үмітіміз —
Сен біздің сеніміміз сертке берік.

Көктемге ғашық кезден көңіл-елік,
Кей-кейде ақын болып тебіреніп...
Керегін әр заманға бір Әлихан —
Ұққанбыз, айналайын, сені көріп.

Ғұмырда кім ұтылып,
кім ұтады,
тірліктің аймаласа нұры,
таңы.
...Баршаны басатұғын бауырына —
Қазақтың жігітінің Ұлытауы!

Көкке ыршып көрген сайын көңіл-дөнен,
Иә, солай, Әлихан дос өмір деген.
...Адалдық,
адамдықтың айдынында
Келеді желкен керіп сенің кемең.

Бата алған байтағынан байрақты өрен,
Мен сені қайрат көрем,
айбат көрем.
...Ақбозың аламанға кірген сайын
Өлеңнен алтын таға байлап берем.

Тартқанда керуенің күнге қошын,
алдыңнан арай сүйіп,
нұр демесін!
Ұлтының ұяты боп ұялаған —
Жұртының жүрегінде жүрген есім...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

КӨСЕМШІНІҢ атын алған...

ӘЛИХАН

Ардақты етіп елге арлы азабың,
Жолына жоламадың даңғазаның,
Алаштың көсемінің атын алған,
Жауапты боп келеді әр қазағым.

Ұлытау ұлыларын ұлықтаған
Ұлдары уыз ішкен ұмыттаған.
Жошы хан, Алаша хан, Ер Едіге,
Қазаққа қуат берген үмітті, алаң...

Алаш деп ұяласа көзіңе мұң
Сені мен сертке берік сезінемін.
Шоқайдың «Жас Түркістан» журналын да,
Лондоннан елге әкелген өзің едің

Ұлымды сүйген ерді ұнатармын,
Жұртымды ұлтың болмай жұбатар кім?
Ұлытау қозғалысын құрдың дағы
Ұранды Ұлытаудың ұлы атандың!

Болғанмен жай кездері көңіл нәзік,
Кетпейді ерлер барда елім де азып,
Ағарту саласында болып жүрсің,
Жастарды адастырмас Темірқазық!

Ардақты Әлихандай Атың барда,
Атқа мінбей қалуға хақың бар ма?
Шығарады зиялы затың да алға.
Әлемдік әдебиеттен сөз қозғасаң,
Таңғалды біліміңе ақындар да...

Ұлытау хан көтерген Ел данасын,
Күтуде енді өзіңдей бел баласын.
Қазақта құлай сүйген кең даласын,
Әлихан атын алған аз емес қасын,
Бірақ та затын алған Сен ғанасын!

Қазыбек ИСА
17.03.2019.



АСПАНДАҒЫ АЙТЫС

Саясатта неше түрлі жағдайлар бола береді ғой. 2007 жылғы елімізде ең алғашқы партиялық тізіммен түсетін Парламент сайлауында Әлихан Бәйменов басқаратын «Ақ жол» партиясына белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мақсұт Нәрікбаевтың «Әділет» партиясы келіп қосылды. Біз сияқты басым бөлігі зиялылардан құралған партияға кілең заңгерлер мен кәсіпкерлер келіп, араласып кеттік. Саяси әлемде «Ақ жолдың» әйгілі аты бар, «Әділеттің» қаржылық «заты» бар. Мақсұт Нәрікбаевтың Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен Украинада бірге оқыған достығын естіп жүрген ел сол кезде неше түрлі жел сөзге ерік бергенмен, орасан зор шығын кететін сайлау алдындағы бұл қосылудың басты мәні осы еді... Сайлаудан кейін әдеттегідей әркім өз жөнімен кетті...

Менің айтайын дегенім — саясат емес... сайлау кезіндегі аспандағы айтыс. Айтыс болғанда да, саяси талас-тартыс емес, ұшақ ішінде демалып отырғанда Әлихан Бәйменов екеуіміздің арамызда айтылған екі-үш ауыз өлең еді...

Көрпемізге қарай көсіліп жүрген біздің «Әділет» келгелі әріміз кіріп қалды. Сайлаушылармен кездесетін маңызды да, шұғыл жерлерге ұшақты шартерлеп ұшатын болдық. Ең алғашқы кездесуімізді қасиетті Түркістан қаласынан бастайтын болғасын, Алматыдан Шымкентке біраз адам ұшып шықтық. Түркістанға барып, әдейі жасалып қойған әкімдердің қатты кедергісіне қарамай, атты шерумен бастадық сайлау жорығын... Тіпті елбасының досы екенін айтпағанда, бір кездегі бас прокурор, жоғары сот төрағасы Мақсұт Нәрікбаевтай ағамыздың алдында да әкімшілік тапсырмасымен келген ауданның жай прокурорының айылын тартпағанын көрдік... Заман-ай десенші..

Сонымен, қойшы, байқамай зуылдап, саясатқа ауысып барады екенміз ғой (бәлкім бір кезде жазылар), қайтарда, 17-шілде күні ұмытпасам, ұшақ ішінде шаруа біткен соң жайланып отырдық. Ұшақтың ұшқыштар отыратын алдында төрт адамдық жеке бөлмесі бар екен, яғни есігі жабылатын бизнес класс деуге келеді. Соған, яғни, төрге Әлихан Бәйменовпен бірге Мақсұт Нәрікбаев, дара тұлғалы қоғам қайраткері Амангелді Айталы, айтулы ақындар Ибрагим Исаев, Исраил Са-

парбай секілді ақсақалдар жайғасты. Ал белгілі киноактер Асылболат Смағұлов, әйгілі әнші Кенжеғали Мыржықбаев, мен секілді көксақалдар «эконом класты» қанағат тұттық. Ұшақ ішінде түскі ас беріліп жатқан кез. Бір кезде төрге қарай сусынның күшті түрлері кіре бастады. Оны тағы да аяқ жақтағы «ас үйден» әп-әдемі әуесерік қыздар тура біздің төбемізден алып өтеді... Асылболат-Асекең екеуіміз елендеп отырмыз, төрдегілердің бізге бұрылар түрі көрінбейді. «Мына шалдарың өздерінен басқаны ұмытып кеткен бей» деп екеуіміз қалжындай бастадық. Ал Кенжекеңнің ондаймен шаруасы жоқ. Ішетін ас-суын екі-үш рет шұқылап тексеріп көріп, талабына сай келсе, жеп алып, айналадағы ауаны «өлшегішімен» өлшеп көріп (жүтуға бола ма, болмай ма» дегендей), бәрі дұрыс болса, сағатына бір қарап қойып, ұйқысын қандыруға кіріседі.

Бір кезде Асекең маған: «Әлекеңе өлең жазып жіберсейші, қызық болсын» деді. Өзім де тамағым жыбырлап, зорға шыдап отырғанмын, лезде жазып жібердім:

Әлеке, жетпеді ғой, сәлемдемен,
Осындайда шығады өлең деген.
Шөп-шаламды жейміз деп, түйіліп қап,
Түріміз бар төр жаққа елендеген...
Мәкең мен Әбекене жеткізсеніз,
Үміт бар ғой ойланып қалар деген..

Асекең де тыпыршып отыр мында,
Бәрібір Әлекеңе сенем деген... — деп,
екі шумақ өленді шай тасып жүрген
әуесерік қыздан беріп жібердік.

Кіре салып, лып етіп қайта шығатын қызымыз бұл жолы кідіріп қалды... Не болар екен деп, жымындап біз отырмыз. Бір кезде әуесерік қыз мен беріп жіберген бір парақ қағазды қайта алып келді. Қарасам, қағаздың екінші бетінде Әлиханның жауабы бар екен:

Қазеке, білеміз ғой мінезінді,
Бұзып қойып жүрменіз «режимді...»
Ас-аған да «боғы» емес сау сиырдың,
Сондықтан, қойсай бізге ренжуді...
Әлиханның тапқырлығы мен ақындығына
разы болып, күлісіп алып, қайта жаздық.

Ризамын жауапқа аға, мына,
Көп сөз бірақ келіп тұр... қаламыма.
Шайтан түсіп кетпесе, болды-дағы,
Шайырлардың шайқалған шарабына...
Ащыны айтып отырған біздер жоқпыз,
Тәтті беріп, құтылсаң, болады да...
Әсем қыздан өлеңімізді тағы беріп жібердік.
Тағы кідіріс. Әуесерік қызымыз алып шыққан жауап мынадай екен:

Қазеке, өкпелеме, өкпеленіз,
Біз сендерді қалайша жек көреміз?
Аспанда жағдайымыз не болар деп,
Жерге түссек, көрерміз деп келеміз...

Жақында қағаздарымды ақтарып отырып, осы екі парақ қағазды тауып алғанда сол бір кез есіме түсе кетті. Әлиханмен айтысқан басқа қағаздар сақталмапты. Әдемі әуесерік қызға арнап өлең жазып, жарысқанымыз, Әлекеңнің біздің өлеңімізді дереу орыс тіліне өлеңмен аударып жазып, оқып бергені бар еді. Тіпті, орыс қызға арнап, орысша өленді сол жерде суырып салып жазғаны біраз әңгіменің жүгі болары анық. Заданан зиялы, төрт білімді, әлем әдебиеті мен мәдениетін, тарих пен философияны мамандардан артық білмесе, кем білмейтін Әлекеңнің бұл да болса, бір қыры шығар...

Табылған осы өлеңдерді жазып ала қояйын деп, қолға қалам алғанымның аяғы осы болды...

Қазыбек ИСА
24 қаңтар, 2013 жыл

Камень преткновения: ТРЕХЪЯЗЫЧНОЕ ИЛИ ТРЕХЪЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ?

Реализация программы «Триединство языков» пришла к своему логическому концу – переосмыслению и, может быть, пересмотру. Со времени своего появления в 2007 году программа вызвала и до сих пор вызывает в обществе неоднозначную реакцию. Особый общественный резонанс этот проект вызвал при его форсированном внедрении в школьное образование во время работы прежнего министра образования и науки Ерлана Сагадиева. Дело дошло до того, что президент республики Нурсултан Назарбаев на XVIII съезде партии «Нур Отан» заявил: повсеместное обучение учителей школ Казахстана английскому языку не должно проходить топорно.



ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ НЬЮ-ВАСЮКИ

Глава государства также отметил: «Трехязычие должно стать нормой, наши дети – это дети планеты, они учатся в общемировом пространстве, в лучших вузах, поэтому должны владеть родным казахским языком, русским языком и международным языком – английским, это важно. Министерство образования поставило задачу прямо – завтра начать всем так преподавать. Приглашаем их на три месяца, обучаем, на это тратятся огромные деньги. Может быть, намного легче было бы пригласить учителей из-за рубежа и начинать наших подтягивать? Эта задача остается. Минобразования в правильном направлении движется, но все должно быть разумно, разъяснено – для чего, почему и когда делается».

В самом деле, многие образовательные, культурные мероприятия, программы в Казахстане в последние годы вызвали недоумение своей непродуманностью. Не явилась исключением культурная и образовательная программа «Триединство языков» хотя бы потому, что такой или подобной программы нет ни в одной стране! Тем самым этот проект «продемонстрирует» неизвестные миру фантастические физиологические и лингвистические способности наших учителей и школьников – изучение и знание трех языков на уровне родного.

Отдельные чиновники подают проблему так, будто речь не идет о том, чтобы все школьники и учителя владели английским языком на уровне носителей языка. Однако они не правы: именно в этом суть проблемы, в этом «зарыта английская собака».

Согласно программе Министерства образования и науки, в 10 и 11 классах с сентября 2019 года по четырем предметам (физика, химия, биология, информатика) преподавание будет вестись на английском языке. При этом математика, казахская литература, история Казахстана, география и ряд других предметов будет преподаваться на казахском. Русский язык и литература, всемирная история будут вестись на русском языке независимо от языка обучения.

Изучение четырех предметов на английском языке и означает, что преподаватели и школьники должны владеть английским языком на уровне родного языка. Та-

кие сложные предметы – физика, химия, биология – предполагают не только углубленное знание языка, но и способность решать на нем трудные задачи и упражнения, разбираться в разнообразных терминах, категориях и понятиях. То есть не только знать язык, но и думать, мыслить, решать на нем – знать на уровне носителей языка.

Такие предметы, как физика, химия, биология, даже на родном языке не все ученики усваивают в полном объеме, немало школьников откровенно «плавают», не понимая многих тонкостей и сложностей этих предметов. И такое «плавание» положение коснется, прежде всего, учителей: преподавание школьного предмета на английском языке, на котором преподаватель не то что думать, а порой затрудняется изъясняться на бытовом уровне, не будет эффективным и вызовет снижение уровня знаний школьников. В итоге большинство школьников не будут знать ни английского языка, ни предметов на этом языке.

Изначально на государственном уровне смешали и смешивают понятие трехязычие, которое подразумевает термин «Триединство языков», и трехязычное образование. Трехязычие – это обязательное, массовое знание трех языков, а трехязычное образование – это изучение двух иностранных языков на основе государственного языка, которое есть в некоторых европейских странах. Планируемое изучение в школе четырех предметов на английском языке закрепило на образовательном уровне трехязычие, хотя это должно быть трехязычное образование на основе казахского или русского языков.



ОПЫТ НИШ НЕЛЬЗЯ ПЕРЕНОСИТЬ В ОБЫЧНЫЕ ШКОЛЫ

С сентября 2013 года началось поэтапное внедрение изучения английского языка с 1 класса, для чего был утвержден Государственный общеобязательный стандарт образования. В ноябре 2015 года вице-президент Национальной академии образования имени И. Алтынсарина Мария Мукатова заявила о том, что полный переход к системе трехязычного обучения завершится в течение восьми лет. Однако с приходом на должность министра Ерлана Сагадиева этот вопрос стали форсировать. И в 2016 году учителей первых классов общеобразовательных школ уведомили, что на летних каникулах, и в том числе во время своего трудового отпуска, они должны пройти ускоренные курсы по изучению английского языка. А через определенное время началась чехарда с трехмесячными курсами для учителей-предметников по языку Шекспира.

Одно дело – школьный предмет английского языка. Другое дело – ведение ряда основных предметов на английском языке, а это предполагает: и учителя, и школьники должны говорить и думать на английском. А в десятых классах только 10-15% учеников владеют английским языком на уровне. В сельской местности

– около половины всех школ республики, там простых учителей английского языка не хватает, а о преподавании основных предметов на английском даже нет речи – нужно много времени, чтобы подготовить таких специалистов. Вот и вся подготовленность школы к обязательному трехязычию.

Есть опыт Назарбаев Интеллектуальных школ, где внедряется трехязычное образование, отдельные предметы преподаются на английском языке. В республике всего этих школ 20, где на основе большого конкурса собраны лучшие учителя и школьники, но даже в НИШ – большие сложности по изучению трех языков, в частности есть проблема с подготовленными учителями.

Однако опыт НИШ нельзя переносить в обычные школы. Дело не только в том, что в НИШ – другая методика и программа, а выпускники не сдают Единое национальное тестирование. В НИШ поступают подготовленные школьники со всей республики, в том числе и по английскому языку, по которому проходят тестирование при поступлении, и требования к знанию английского высокие. Что позволено в НИШ – затрунить в обычных.

Предложение главы государства пригласить учителей из-за рубежа актуально, однако их не хватает даже в спецшколах.

УГЛУБЛЕННЫЙ АНГЛИЙСКИЙ – ДЛЯ СПЕЦИАЛИСТОВ И ДЛЯ УЧЕБЫ ЗА РУБЕЖОМ

В 2017 году в пилотном режиме 153 школы начали преподавать на английском языке, еще 379 школ начали внедрять только элементы преподавания на английском языке. Кроме того, мероприятия, проводимые в школах, также проводятся на трех языках. Однако в Казахстане более 7 тысяч школ, большинство – сельские, в которых порой не хватает учителей по «обычным» предметам, не говоря о преподавателях, ведущих занятия на английском языке, – кадровый голод!

Когда в 2012 г. в 165 казахстанских школах начали эксперимент по вводу в учебную программу вторых классов уроков английского языка, постепенно начали работу и по внедрению в пилотном режиме изучения в школах некоторых предметов на английском языке, однако ее результаты не утешительны.

По этой причине необходимо внедрение трехязычного образования сначала в подготовленных, специализированных, лингвистических школах с последующим обучением отдельных предметов на английском языке. А в обычных общеобразовательных школах – повысить качество обучения английскому языку, воздержаться от ведения предметов на английском языке, особенно в сельской местности, т.е. трехязычное образование (не трехязычие) растянуть на более длительный период.

Можно по мере готовности школ, компетенции преподавателей, подготовки школьников повсеместно ввести разноуровневую систему по английскому языку и трехязычному образованию. Из подготовленных школ в городах, районных центрах и селах открывать спецшколы с изучением основных предметов на трех языках – не во всех школах есть возможности ввести такое обучение.

